

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №9 орта мектеп жанындағы шағын орталық

Еркетай ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Қыркүйек 2- апта 2023 ж

Апта күндері	Дүйсенбі 11.09	Сейсенбі 12.09	Сәрсенбі 13.09	Бейсенбі 14.09	Жұма 15.09
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. (сөйлеуді дамыту)				
	Өңгімелесу «Балабақшаға келе жатырғанда не көрдік» Мақсаты: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік дағдыларын дамыту	«Кітап бұрышына саяхат» Мақсаты: Жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік дағдыны дамыту	«Ертегілер бұрышына саяхат» Мақсаты: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік дағдыны дамыту	Ән айту, би билету арқылы дамытушы ойындарды, қимыл әрекет жаттығуларды қолдану сөздік қорды байыту; Сөйлеуді дамыту- музыка**** , дене шынықтыру** Коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту физикалық қимыл қозғалыс дағдысы	«Таңғы сәлемдеме» Мақсаты: Дауысты (о, ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***- коммуникативтік дағдыны дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсаты . Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	Мақсат-міндеттері. Үйді өз бетінше тазалауын, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру.	Мақсаты Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шанды сүртуге үйрету.	Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету.	Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жөндерінді түріндер, матаны суландар, сығындар, құрғатындар, лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау, дөңгелек	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау	"Керекті киімді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық	"Менің үйім" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Бөлшектерден үй жасауды	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістіктік байланыстарын

	пішінді заттардың суретін салу (бұлт, күн); (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу коммуникативтік, әлеуметтік, Шығармашылық дағдылар)	қабілетін дамыту. біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.дайын пішіндерден заттардың бейнесін жапсыруды үйрету; (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, жапсыру коммуникативтік, танымдық зияткерлік,әлеуметтік, Шығармашылық дағдылар)	ойлауға тәрбиелеу,бейнеленген заттарға сәйкес түстерді тандап жапсыру; (сөйлеуді дамыту, жапсыру коммуникативтік, Шығармашылық дағдылар)	үйрету, оның неден тұратынын айту. (сөйлеуді дамыту, құрастыру-коммуникативтік, Шығармашылық дағдылар))	анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, мүсіндеу-коммуникативтік, әлеуметтік, Шығармашылық дағдылар)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Менің бөлме гүлім" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсаты. "Бөлме гүлдері" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою,шағын тапқақты мәнерлеп жатқа айтуға, сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеуді меңгерту, (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, мүсіндеу, қазақ	"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; (сөйлеуді дамыту, құрастыру, қазақ тілі***- коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)	Дидактикалық ойын: "Бұл не?" Мақсаты. Есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету.ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;геометриялық пішіндерді тану және атау., дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (қазақ тілі, *** математика негіздері, сурет салу-коммуникативтік, танымдық зияткерлік,шығармашылық дағдылар)	"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Өсімдікті жапырағынан тануды үйрету, зейінін дамыту.қиылған жапырақтардан тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдаланып құрастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, құрастыру коммуникативтік, әлеуметтік,	"Жәндіктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, барлық тіршілік иелеріне қамқорлыққа тәрбиелеу және зейінді дамытужәндіктерді бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту сурет салу-коммуникативтік,әлеуметтік,

	тілі***- коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)			Шығармашылық дағдылар)	шығармашылық дағдылар)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Шеңберге өз еркімізмен тұрамыз" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүруге, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен жүру және баяу жүдруден кейін, жылдам ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу, тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; екі аяғымен ұзындыққа секіру және екі топ бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; "Шеңбердегі доп" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері.Допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту.	Қазақ тілі "Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Әдемі шеңбер жасайық" Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, қимылды ойын арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру. "Допты шеңберге кіргіз" қимылды ойын. Мақсат-міндеттері. Допты гимнастикалық шеңберге кіргізу.	Музыка Дене шынықтыру "Епсіз қонжық" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп, аяқтың ұшымен жүруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. "Пойыз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Паровоздың дыбысын шығарып, ақырын жүруді және жүрістерін біртіндеп жиілетіп жүруді үйрету.	
	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсаты. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. "Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсаты. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын	Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты. Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Қимылды ойын. "Бағбан мен гүлдер" (дене шынықтыру**) Мақсаты. Ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан қашуды үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей	Құстарды бақылау. Мақсаты. Күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын "Себетке допты лақтыр" (дене шынықтыру**) Мақсаты. Балаларды доп ойындарына тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа,	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. "Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсаты. Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, тәрбиелеу.	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік дағды) Мақсаты. Балаларға аспанның әсемдігіне назар аударуды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспанның бұлтты немесе бұлтсыз болуын бақылау; Жұмбақ. (көркем әдебиет-коммуникативтік дағды) "Доппен ойнау" қимылды ойыны.(дене шынықтыру** физикалық дағды)

	дамыту Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау. Мақсаты. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. Балалардың еркін ойыны.	жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. Балалардың еркін ойыны.	зеректікке баулу Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсаты. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны.	Еңбек әрекеті: өскіндерді суару. Мақсаты. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.	Мақсаты. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсаты. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын-жаттығу. "Күн тәртібі". Мақсаты. Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "танертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру Сюжетті-рөлдік ойын "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырғыштармен ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дағдылар)	"Қимылдарды ұқсат" театрландырылған ойын. Мақсаты.. Театрландырылған ойын арқылы балалардың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды және.дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттардың мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, музыка****- коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)	"Әженің көмекшілері". Мақсаты. Балаларда ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеп әжеге құрт жасап құрттың пішіндерін атау (мүсіндеу- шығармашылық дағдылар)	"Күзгі бақ" әңгіме. Мақсаты. күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін бақылауды,сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету., ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, ағаштардың жапырағын мүсіндеу (қазақ тілі***, мүсіндеу)	«Менің қошақаным» өлеңі Мақсаты:өлеңмазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға,қиылған қағазбөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; (көркем әдебиет, құрастыру коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)
Балалармен жеке жұмыс	Апта күндерін жаттау. Мақсаты. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар жаттау. (сөйлеуді	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру. Мақсаты. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту)	"Күзде" тақпақ айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? (сөйлеуді дамыту)	"Күз" туралы сюжетті суреттерге әңгіме құрау. Мақсаты. "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсаты. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылауды жалғастыру. Мақсаты. "Жел" ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Қу түлкі" (дене шынықтыру) Мақсаты. Балаларды байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар	Аспан мен бұлттарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсаты: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. . Балалардың еркін ойындары.	Құстарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Қимылдық ойын."Себетке допты лақтыр" (дене шынықтыру**) Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	Ағаштар мен бұталарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Допты қуып жетіндер!" (дене шынықтыру**) Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.	Суды бағдарлауды жалғастыру. Мақсаты: судың қасиеттерін тануға деген ынталарын дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)	"Оркестр" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауды үйрету. Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық. Боямақтар бояту (музыка****, сурет салу шығармашылық дағдылар)	"Ойыншығынмен таныстыр" сөздік жаттығуы. Мақсаты. Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету. дайын пішіндерден заттардың бейнесін құрастыруды үйрету; (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар)	«Ойыншықтар» өлеңі Мақсаты: өлеңнің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: (көркем әдебиет, сурет салу,сөйлеуді дамытукоммуникативтік, танымдық зияткерлік,шығармашылы қ дағдылар)	«Көліктер» Мақсаты: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасау. Сөйлеуді дамыту, жапсыру-коммуникативтік шығармашылық дағды)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: "Бала жиі ашуланатын болса"; "Баланың белсенділігі - денсаулығының кепілі"; Психолог кеңесі."Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?"				

(ата-аналарға кеңес)	
----------------------	--